

«Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімі Жаңа Қима ауылының F. Әбдірахманов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының № 1 хаттамасы

10 қантар 2024 жыл

Катысқандар саны -7

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту. (жауапты кеңес төрайымы: Л.Биримжанова, мектеп директоры)
2. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті. (жауапты кеңес мүшесі: Омарова А.Б.)
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сактау міндеті. (жауапты кеңес мүшесі: Муханжанова М.К.)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тыңдалды: Л.Биримжанова, педагогикалық әдеп кеңес төрайымы:

Педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушыларды Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережесімен таныстыруды. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру үйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Зандарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялышықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру үйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру үйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы.

Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

Сонымен қатар кеңестің міндеттіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қортындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру үйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе колданбауды ұсыну; тәртіптік істі тоқтату.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тыңдалды: А.Б.Омарова кеңес мүшесі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:

Мұғалім өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр оқушыға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы – ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз оқушыларды білім нәрімен сусындағып, қолынан келгенін үретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстau әдебімен улгі бола білуі тиіс. Себебі, оқушылар мұғалімнің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған

қасиеттеріне де ерекше көніл бөліп, тәлім алады. Тұстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық тұстер ақ және кара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл көк, қоңыр тұстерді де қолдануға болады. Өте ашық тұстер аталған салада ерсі көрінеді. Мұғалімнің шаш ұлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшилігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде кабылдайды.

Мұғалім мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен ұлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жаңын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш ұлгісі талғамға сай жейденіздің сәнін кетіреді. Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білкті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындастып қана қоймай, өскелен ұрпактың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жас мамандарға сыныпқа басқа адам кіріп келгенде мұғалімге орнынан тұрып сәлемдесуге кенес берді. Мектеп ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті деп сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөйледі: Муханжанова М.К., кенес мүшесі, кәсіподақ ұйымының төрайымы:

Ұстаз ата-аналармен, окушылармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті. Роза Крықпаевна чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарының жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кенес берді.

Ұстаз этикасы – мұғалім мен бала, ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, мұғалімдер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын сыныптарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы мектептерді, орта арнаулы және жоғары оку орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

Қортынды сөз. Кенес төрайымы: Л.Биримжанова:

Өз сөзінде бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп кенесінің ережесі жан-жақты қаралғанын, ұстаздардың педагогикалық әдебі туралы баяндалған ақпараттарды назарда ұстаулатын ескертті. Ардагер ұстаз, кенес мүшесі Оразбаева Бағила Мұкашевна мұғалім тек мұғалім емес, ол жас ұрпакқа ұлгі болу тұлғасы екенін айтты. Мұғалім өз ісіне адал қарауға міндетті. Қазір көбіне мұғалімдерге несие уақытымен төлемеу бойынша сот ісінен жиі хаттар жіберіліп жатады. Бұндай әрекет мұғалім мен оның беделіне қауіп төнүі мүмкін. Сондықтан ұстаздарды өз әрекеттері үшін жауапкершілікті арттыруға шақырамын.

Кенес шешімі:

1. Мектептік педагогикалық әдеп кенесінің ережесінің бекітілсін
2. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.
3. «Жас мамандар мектебі» клубы мүшелерімен педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау туралы дөнгелек үстелдер өткізілсін.

Кенес төрайымы:
Хатшы:

Л.Биримжанова
К.Тулегенова

«Ақмола облысы білім басқармасының Жаңы ауданы бойынша білім бөлімі Жаңа Қима ауылының F. Әбдірахманов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының № 2 хаттамасы

10 сәуір 2024 жыл

Катысқандар саны - 7

Күн тәртібінде

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау (кеңес мүшесі Омарова А.Б., тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика (кеңес мүшесі Оразбаева Б.М., ардагер ұстаз)
3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті (кеңес мүшесі Садвакасова Г.)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі, А.Б.Омарова, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары/:

Ұстаз – мектеп тұтқасы. Сондықтан ұстаздар кандай кезде де, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп журсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікірінді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын окушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін күрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту кажет.

Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі Оразбаева Б.М.:

Педагогикалық әдеп – мұғалім әрбір нақты жағдайда окушыларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке окушылар жүргегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады.

Педагогикалық әдеп жағымды жақтан ғана қаралады. “Педагогикалық әдебі нашар” қайрымдылығы нашар, сыпайылығы нашар, балаларға деген сүйіспеншілігі нашар, т.б. деумен бірдей. Ал педагогикалық тактиканың тым күрделі – аса жақсыдан жаманға дейін, мейлінше жетілгендіктен қарадұрсінділікке тұқыртылған мәні болуы мүмкін. Әрбір мұғалім окушылармен қарым-қатынаста белгілі бір тактиканы әрқашанда қолдана береді, бірақ онда педагогикалық әдептің болмауы да ықтимал. Былайша айтқанда мұғалімдердің бірсызырасының окушыларды бағындыруға, олардың қарсылығын тойтаруға бағытталған үркітулері, жазалаулары, ақылгөйлігі, дауыс көтеруі, т.б.жаңы болмаса да әрине өзіндік тактикасы, бірақ ол есте де педагогикалық әдеп бола алмайды. Мұғалім окушыларына ықыласты қарап, оларды қадірлеп, кенпейілді, сақ, әдепті болғынмен олармен коян-қолтық араласа алмайтын жағдай болады. Оның сабактарында тәртіпсіздік үстемдік етеді, окушылар үй тапсырмаларын орындамайды, айтқан ақылды тыңдамайды, шынтуайтқа келгенде оны сыйламайды. Мұндай мұғалімді әдептілігі жоқ деп кінәлауға болмайды. Онда әдеп бар. Бірақ оның тактикасы жетілмеген, тактикалық амал тәсілдері қоры аз, үйимдастыру мен жүйелілік мүлде жоқ. Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда мұғалімнің міnez ерекшелігі ретіндегі

әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді тактика таңдай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Г.Садвакасова:

Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Тұлғаның қалыптасуына, берілген білімді жақсы менгеруіне педагогтың әдістемеден хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тілге байланысты екендігі даусыз. «Мұғалімге керегі тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни қәсіби, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендейтін, қәсіби шешендейтін», — деген А.Байтұрсыновтың сөзі де педагогтің жұмысы барысындағы сөйлеудің, жай ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екендігін аша түседі.

Сөйлеу мәдениетін игеру – болашақ педагог мамандардың қәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі теренірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын менгеру, дұрыс қатынас жасауга қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзіреттілікті менгерту – болашақ педагог-мамандардың қәсіби шеберлігінің сипаттамасы.

Қортынды сөз: Егер мұғалім өзі оқытатын және тәрбиелейтін адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса, өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын болса ғана, біз оқытып отырған адамдар сыныпқа қызығушылық танытады, сонда ғана олар ұстаздарын есте сақтап, бағалап құрметтейді

Кеңес шешімі:

- 1) Жеке фотосуреттер мен бейнelerді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау назарға алынын.
- 2) Мұғалімнің педагогикалық әдебін сақтауда мұғалімнің құқықтық сауаттылығын артыру үшін, құқықтық сауаттылық күні өткізілсін.
- 3) Жас ұстаздар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін артыру үшін ішаралар өткізілсін.

Кеңес төрайымы:
Хатшы: 



Л.Бirimжанова
К.Тулегенова

«Ақмола облысы білім баскармасының Жаксы ауданы бойынша білім бөлімі Жана Қима ауылдының F. Әбдірахманов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының № 3 хаттамасы

06 қыркүйек 2024 жыл

Қатысқандар саны – 7

Қатыспаған - 0

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық әдеп кеңісінің жаңа тәрайымын сайлау.
2. «Педагог мәртебесі туралы» КР Заңына сәйкес ауызша өтініштер мен іс-шараларды үйімдастыру туралы.
3. Аттестаттау кезінде жетістіктер портфолиосын қалыптастыруды педагогтің жауапкершілігі туралы.

Бірінші сұрақ бойынша тыңдалды: , мектеп директоры, педагогикалық әдеп тәрайымының басқа мекен-жайға коныс аударып, жұмыстан шығуына байланысты педагогикалық әдеп кеңесінің тәрайымдық қызметіне мектеп директорының міндеттін атқарушы Абдуалиева Каракоз Ериковнаны ұсынды және мектепте бүгінгі күнге дейін атқарған шығармашылық жұмыстарына, жетістіктеріне тоқталды. Абдуалиева К.Е. осы міндетке лайық тұлға екенін атап өтті.

Екінші сұрақ бойынша тыңдалды Абдуалиева К.Е. «Педагог мәртебесі туралы» КР Заңына сәйкес мектепке дейінгі үйім педагогының құқықтары мен міндеттері туралы айтты. Өткен кезеңде педагогикалық әдепті бұзушылықтар болған жок. Педагогтердің құқықтары мен міндеттерін сактау мәселелерін бақылауда ұстауды жалгастыру, білім беру процесінің субъектілері арасындағы қақтығыстардың алдын алу жұмыстарын үнемі жүргізіп отырудың қажеттілігіне тоқталды.

Үшінші сұрақ «Мектептегі педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сактау» бойынша тыңдалды: Садвакасова Г. Аттестаттау кезінде білім мен жетістіктерді бағалауды тапсыру кезіндегі педагогтің жауапкершілігі туралы. Педагогтерді аттестаттау кагидалары мен шарттарына сәйкес 4-Параграф. «Білімді бағалаудың тәртібі мен жүргізуі» - педагог пен ұжымның рәсімді бұзганы үшін жауапкершілігі күштейтіледі. Бұзушылық фактілері анықталған кезде аттестатталушы 1 жыл мерзімге, ал егер осы жағдай қайталанса 3 жылға аттестаттаудан өтуге жіберілмейтігін барлық ұжым мүшелеріне ескертілу қажеттілігі айтылды. Мектеп басшылары мен орынбасарларына да қойылған талаптар баяндалды.

Кеңес шешімі:

- 1) Педагогикалық кеңес тәрайымы қызметіне Абдуалиева К.Е. бекіту;
- 2) «Педагог мәртебесі туралы» КР Заңына сәйкес педагогтерді құқықтары мен міндеттерімен жүйелі түрде таныстыру;
- 3) Педагогтарды аттестаттау Ережелері мен шарттарымен, педагогтардың білімі мен жетістіктерін бағалау тәртібімен мектеп ұжымындағы әр педагогты жүйелі түрде ақпараттандырып отыру.

Кеңес тәрайымы:
Хатшы:

К.Абдуалиева
К.Тулегенова

«Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімі Жана Қима ауылының F. Эбдірахманов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының № 4 хаттамасы

26 желтоқсан 2024 жыл

Қатысқандар саны - 7
Қатыспағандар - 0

Күн тәртібінде


1. «Педагог» кәсіби стандартын карау туралы.
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттерінің атқарылу барысы;

Бірінші сұрақ бойынша тыңдалды Абдуалиева К.Е., педагогикалық әдеп төрайымы. «Педагог» кәсіби стандарты туралы, кәсіби педагогикалық қызметтің мазмұны мен сапасына, педагогтердің біліктілік деңгейін бағалауға, аттестаттауды өткізуге, лауазымдық нұсқаулықтарды қалыптастыруға, біліктілікті сертификаттауга және растауга, кадрларды даярлауға қойылатын бірыңғай талаптарды қамтитын және белгілейтін нормативтік құжат туралы баяндады.

Екінші сұрақ бойынша тыңдалды Муханжанова М.К., кәсіподак төрайымы: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттерінің атқарылу барысы талаптарға сәйкес. Міндеттері және мектеп ұжымының имиджі үшін тәуекелдер туралы айтып берді. Мінез-құлық этикасына, педагогикалық кеңестер мен жас ұстаздар мектебі арқылы білім беру процесінің субъектілерімен қарым-қатынасқа ерекше назар аударамыз.

Кеңес шешімі:

- 1) Педагогтерді «Педагог» кәсіби стандартымен таныстыру;
- 2) «Педагог мәртебесі туралы» КР Занына сәйкес педагогтерді құқықтары мен міндеттерімен жүйелі түрде таныстыру;

Кеңес төрайымы:
Хатшы: 

К.Абдуалиева
К.Тулегенова